

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

DEXP RC-360
радио оятқышы

Мазмұны

Құрылғының мақсаты	5
Сақтық шаралары	5
Құрылғы сызбасы	6
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық.....	7
Сағатты баптау.....	7
Оятқышты баптау.....	8
Оятқыштарды қосу/өшіру.....	8
«Snooze» режимі.....	8
Радио режимі	9
Радиостанцияларды сақтау	9
Ұйқы таймері.....	9
Проекция.....	10
Жарықтылықты реттеу.....	10
Мобильді құрылғыларды зарядтау.....	10
Батареяларды ауыстыру	10
Баптауларды қалпына келтіру.....	10
Тазалау және күтім жасау	10
Техникалық сипаттамалары.....	11
Жиынтықтама	11
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары	12
Қосымша ақпарат	13

Құрметті сатып алушы!

«DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін Сізге алғыс айтамыз. Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және дайындалған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдаланбас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ аспапты дұрыс пайдалану және оған күтім жасау туралы ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуын ойластырыңыз және оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.


Құрылғының мақсаты

Радио оятқыш – бұл өзіне радио қабылдағыш пен оятқыш функцияларын біріктіретін құрылғы.

Сақтық шаралары

- Құрылғыны шамадан тыс қыздырмаңыз (күн сәулесінің әсері, от және т.б.).
- Бұл құрылғыны су көздеріне тікелей жақын жерде орнатпаңыз.
- Радио оятқышты ылғалдылығы жоғары немесе шаңды жерлерде орнатпаңыз. Бұл оның істен шығуына әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны тегіс, тұрақты бетке қойыңыз.
- Құрылғымен тек түпнұсқалық қорек беру адаптерін пайдаланыңыз.
- Құрылғыны өз бетінше жөндеуге тырыспаңыз. Аспаптың жұмысында кез келген іркілістер байқалған кезде оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз және уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Біліктілігі жоқ адам жасаған жөндеу пайдаланушы үшін аса қауіпті жағдайларға әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны ұзақ уақыт сақтамас бұрын батареяны алып қойыңыз.
- Құрылғыны желіге қоспас бұрын, онда көрсетілген кернеу жергілікті электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны тек осы нұсқаулықта көрсетілген мақсат үшін пайдаланыңыз.
- Құрылғыны балалармен және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдармен пайдалануға арналмаған, оларға олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылау жүргізген жағдайдан басқа. Балаларға құрылғымен ойнауға жол бермеңіз.

Құрылғы сызбасы



1. Оятқыш индикаторы 1 (жанып тұр - оятқыш қосулы, жанбай тұр - өшірулі, жыпылықтайды-оятқышты қайталау режимі).
2. Ұйқы таймерінің индикаторы (жанып тұр - таймер қосулы, жанбайды - өшірулі).
3. Оятқыш индикаторы 2 (жанып тұр - оятқыш қосулы, жанбай тұр - өшірулі, жыпылықтайды-оятқышты қайталау режимі).
4. «P» - түстен кейінгі уақыт.
5. Сақталған FM станцияларын ойнату индикаторы.
6. «Төмен»/1 оятқышты қосу/өшіру батырмасы.
7. Радио дыбыс деңгейін реттеу/2 оятқышты қосу/өшіру батырмасы.
8. Радио/Ұйқы таймерін қосу батырмасы (бір рет басу - радионы қосу, екі рет басу - таймерді қосу және аралықты таңдау).
9. «Snooze» оятқышты кейінге қалдыру/Радионы өшіру батырмасы.
10. Сағаттарды баптау (сағат режимінде)/Радиостанцияларды сақтау (радио режимінде).

11. 1, 2 оятқышты баптау.
12. «Жоғары» / Проекция батырмасы (Қосу/диммер/өшіру).
13. Проекция бұрылысын реттегіш.
14. CR2032 батареяға арналған бөлік.
15. Динамик.
16. Дисплейдің жарықтығын реттегіш.
17. Проектор.
18. Ұялы құрылғыны зарядтауға арналған USB порт.
19. Қорек беру адаптеріне арналған қосқыш.
20. Ұялы құрылғыны зарядтауға арналған USB порт.
21. FM-антеннасы.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Қорек беру адаптерінің көмегімен құрылғыны желіге қосыңыз.
2. Қолданар алдында қорғаныс қабатын батареяға арналған бөліктен алыңыз (күнделікті қолдануға арналмаған).

Сағаттарды баптау

1. Сағат баптаулары режиміне кіру үшін «TIME SET» батырмасын басыңыз. «▲» және «▼» батырмаларының көмегімен сағат мәнін орнатыңыз.

Ескерту: сағатты жылдам баптау үшін «▲» немесе «▼» батырмаларын басып тұрыңыз батырмаларын басып тұрыңыз.



Жыпылықтайды
Жыпылықтайды



Жыпылықтайды



Жыпылықтайды



2. Сағатты растау және минуттарды орнату үшін «TIME SET» батырмасын басыңыз. «▲» және «▼» батырмаларының көмегімен минуттар мәнін орнатыңыз.

3. Минуттарды растау және 12 немесе 24 сағатқа уақыт форматын таңдауға өту үшін «TIME SET» батырмасын басыңыз. «▲» және «▼» батырмалардың көмегімен қалаған форматты таңдаңыз.

Ескерту: 12 сағаттық уақыт форматын таңдаған кезде «P» индикаторы 12:00-ден кейін жанып, 24:00-ден кейін сөнетін болады.

4. Баптауларды растау және оятқыш сигналын қайта орнату үшін «TIME SET» батырмасын басыңыз.


Ескерту: уақыт диапазоны - 5-тен 60 минутқа дейін. Әдепкі бойынша оятқыш сигналын айта қосу уақыты - 5 минут.



5. Баптауларды растау және сағаттарды баптау режимінен шығу үшін «TIME SET» батырмасын басыңыз.

Оятқышты баптау

1. Оятқышты баптау режиміне кіру үшін «ALARM SET» батырмасын басыңыз. «▲» және «▼» батырмалардың көмегімен сағаттың мәнін орнатыңыз.
2. Сағаттың мәнін растау және минуттарды баптауға көшу үшін «ALARM SET» батырмасын басыңыз. «▲» және «▼» батырмаларының көмегімен минуттар мәнін орнатыңыз.
3. Сигналды таңдауға көшу үшін «ALARM SET» батырмасын басыңыз. «▲» және «▼» батырмаларының көмегімен оятқыш сигналының түрін таңдаңыз: «rd» радио немесе «bu» зуммер.



4. Баптауларды растау үшін «ALARM SET» батырмасын басыңыз. Сіз 2 оятқышты ұқсас түрде орната аласыз.

Оятқыштарды қосу/өшіру

1 немесе 2 оятқышты қосу/өшіру үшін «ALARM1 ON/OFF» немесе «ALARM2 ON/ OFF» батырмасын басыңыз. Тиісті оятқыштың индикаторы (A1 немесе A2) дисплейде жанады/сөнеді.


«Snooze» режимі

1. Оятқыш сигналын уақытша өшіру үшін «SNOOZE» батырмасын басыңыз. Дисплейде тиісті индикатор пайда болады.
2. Оятқыштың қайталама сигналы 5 минуттан кейін іске қосылады (әдепкі бойынша).
3. Оятқышты өшіру үшін «ALARM SET» немесе «RADIO ON» батырмасын басыңыз. Оятқыш келесі күні іске қосылады, дисплейде тиісті «A1» немесе «A2» индикаторы пайда болады.

Жыпылықтайды




Жыпылықтайды




Радио режимі

1. Радионы қосу үшін «RADIO ON» батырмасын басыңыз. Дисплейде FM жиілігі көрсетіледі.



2. FM жиілігін қолмен баптау үшін «▲» немесе «▼» батырмасын басыңыз. Радиостанцияларды автоматты түрде іздеу үшін «▲» немесе «▼» батырмасын басып тұрыңыз.
3. Радио режимінде радионың дыбыс деңгейін орнату үшін «RADIO VOL» батырмасын басыңыз, дисплейде «L10» (әдепкі бойынша) көрсетіледі. «▲» және «▼» батырмаларының көмегімен «L01» (минималды) «L15» (максималды) дейін дыбыс деңгейін орнатыңыз.
4. Радионы өшіріп, сағатты көрсету үшін «SNOOZE» батырмасын басыңыз.



Ескерту: құрылғыны радио кедергілерінің көздерінен алыс орнатыңыз. Радионы тыңдау кезінде антеннаны толығымен шығарыңыз.

Радиостанцияларды сақтау

1. «TIME SET» батырмасын басып тұрыңыз, дисплейде «MEM» көрсетіледі және «01» жыпылықтай бастайды. Ағымдағы радиостанцияны 1 нөмірімен сақтау үшін «TIME SET» батырмасын басыңыз.
2. Келесі станцияны тауып, «TIME SET» батырмасын басып тұрыңыз, дисплейде «MEM» пайда болады және «01» жыпылықтай бастайды. «▲» батырмасын басыңыз, дисплейде «02» жыпылықтай бастайды, содан кейін ағымдағы радиостанцияны 2 нөмірімен сақтау үшін «TIME SET» батырмасын басыңыз.

Жыпылықтайды



Ескерту: қалған радиостанцияларды сақтау үшін процесті қайталаңыз. Сіз 10 станцияға дейін сақтай аласыз.

3. Станциялар арасында ауыстырып қосу үшін «TIME SET» батырмасын басыңыз.

Ұйқы таймері


1. Ұйқы таймері режиміне кіру үшін «RADIO ON» батырмасын екі рет басыңыз, дисплейде уақыт және «SL» индикаторы пайда болады. Әдепкі бойынша өшіру таймері-5 минут.
2. Таймерді орнату үшін «RADIO ON» батырмасын басыңыз- 5, 10, 15, 30, 45, 60, 75, 90 минут немесе «OFF» (Өшіру). Таймердің қалған уақыты дисплейде бірнеше секундқа көрсетіледі, содан кейін ағымдағы уақыт пайда болады.
3. Таймердің қалған уақытын көру үшін «RADIO ON» батырмасын басыңыз.



Проекция

1. Сағатты көрсету режимінде проекцияны қосу үшін «▲» батырмасын басыңыз (жарқын). Проекция жарықтығын азайту үшін «▲» батырмасын тағы бір рет басыңыз. Проекцияны өшіру үшін батырманы үшінші рет басыңыз.
2. Проекция қосылған кезде кескінді аудару үшін «▲» батырманы басып тұрыңыз.

Ескерту: проекцияның оңтайлы қашықтығы - 1,5-3 м. Кескінді 90° бұру үшін проектордың артқы жағындағы бұрылу реттегішін қолданыңыз.



Жарықтылықты реттеу

Дисплейдің жарықтығын құрылғының артқы жағында орналасқан тиісті реттегішпен реттеңіз.

Мобильді құрылғыларды зарядтау

Бұл құрылғы бір уақытта екі мобильді құрылғыны зарядтауға мүмкіндік беретін екі USB жалғағыштармен жабдықталған.

Батареяны ауыстыру

Полярлықты сақтай отырып, бір CR2032 батареясын орнатыңыз.

Ескерту: қорек беру өшірілген жағдайда оятқыш, уақыт және радио баптаулары CR2032 батареясы орнатылған кезде сақталады. Дисплей сөнеді, оятқыш және радио функциялары қол жетімді болмайды.

Баптауларды қалпына келтіру

Құрылғының істен шығуы басқа құрылғылардың электростатикалық кедергілерінен туындауы мүмкін. Қателерді жою үшін резервтік батареяны шығарып, қорек адаптерін құрылғыдан ажыратыңыз, радио оятқыш баптаулары қалпына келтіріледі. Резервтік батареяны орнатыңыз және қорек адаптерін қосыңыз, содан кейін радио оятқышты қайта баптаңыз.

Тазалау және күтім жасау

- Тазалау алдында құрылғыны желіден ажыратыңыз.
- Құрылғының бетін тазарту үшін жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз.
- Тазалау үшін абразивті тазартқыштарды немесе химиялық заттарды пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны таза, құрғақ жерде сақтаңыз.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі: RC-360.

Радио

- Тюнер түрі: цифрлық.
- Қабылданатын жиілік диапазоны: FM 87.5-108 МГц.
- Максималды қуаты: 5 Вт.
- Радиостанцияларды сақтау/автоматты іздеу мүмкіндігі.

Оятқыш

- Сағат форматын баптау 12/24 сағ.
- Екі тәуелсіз оятқыш.
- Радио/зуммер сигналымен ояту.
- Радио өшіру таймері.
- Оятқышты қайталау режимі.

Дисплей

- Дисплей түрі: 1.8" LED Digital Display.
- Таңбалардың биіктігі: 46 мм.
- Дисплейдің жарықтығын қолмен реттеу.

Проектор

- 4 жарықтық режимі.
- Проекция бұрышы 180°.
- Проекция бұрышы 90° алға және 90° артқа.
- Проекцияның түсі - көк.

Қосымша функциялар

- Мобильді құрылғыларды зарядтауға арналған екі USB жалғағышы.
- USB портының кернеуі: 5 В.
- USB порттарының максималды жалпы тоғы: 1 А.

Қорек беру

- AC: 220-240 В, 50-60 Гц.
- Электр қуатынан ажыратылған жағдайда CR2032 батареясынан апаттық қуаттау (қарапайым қолдануға арналмаған).

Өлшемдері: 195x30x90 мм.

Жиынтықтама

- Радио оятқыш.
- Желілік қорек беру адаптері.
- Батарея CR2032.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.
- Кепілдік талоны.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғы ешқандай орнатуды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын бөлмелерінде ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін болған кезде және 80%-дан аспайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде қаптамада жүргізілуі тиіс. Бөлмелерде коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, Сіз қоршаған ортаға және адам денсаулығына ықтимал зиянды бақылаусыз қалдықтардың шығарылуын алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесіс. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару жөніндегі кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының жиынтығына кіретін батареялардың қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оларды қалған тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Құрылғылар мен батареяларды кәдеге жарату жергілікті нормалар мен қалдықтарды қайта өңдеу ережелеріне сәйкес қалдықтардың бақылаусыз шығарылуы нәтижесінде қоршаған ортаға ықтимал зиян келтірмеу үшін жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Дунгуань Ихуа Электрикал Эпплайенс Тэкнолоджи Компани Лимитед.
2F, №5, Наньюй өнеркәсіптік паркі, Наньчан тас жолы, Ваньянь ауылы, Ваннюдунь,
Дунгуань қ., Гуандун пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12,
Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы,
Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының келесі техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Өнімнің сыртқы түрі және оның сипаттамалары сапаны жақсарту үшін алдын ала ескертусіз өзгеруі мүмкін. Құрылғының конфигурациясы алдын ала ескертусіз өзгеруі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club



Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:

- Кепілдік мерзімі аяқталды.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей міндетіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу ережелерін (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған сызаттар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысулар, кептелістер және т.б.
- Түрлендірулерді, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдар жүргізген жағдайлар. Егер ақаулық конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи элементтер, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына алып келген бұйымның ішіне бөгде заттардың, өзге денелердің, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температуралардан туындаған ақау.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамтаманың; БҚ ұсынушысының осы қызметті ұсынбауына байланысты мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) оларды жинау/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз орнату, ауыстыру немесе жою әсерінен туындаса.
- Егер жұмыстың ақаулықтары қуат беруші, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттеріне сәйкес келмеуінен, оның ішінде бедер ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымданған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін, әртүрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендерді, графиканы, бейне және басқа файлдарды, Java қосымшаларын және оларға ұқсас бағдарламаларды) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.



Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен басталады және тек қана жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кесірінен істен шықпаған элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: xx ай.

Пайдалану мерзімі: xx ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кабельдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштар, бағдарламалық құрал (БҚ) және драйверлер (бұйымның қатты магниттік дискілердегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БҚ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық керек-жарақтар, құрал-саймандар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



www.dexp.club